

## Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы

### ***Күшін жойған***

Қарағанды облысы Осакаров аудандық мәслихатының 2016 жылғы 19 ақпрандағы 57 сессиясының № 616 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 24 наурызда № 3727 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Осакаров аудандық мәслихатының 2020 жылғы 24 шілдедегі № 871 шешімімен

**Ескерту.** Күші жойылды - Қарағанды облысы Осакаров аудандық мәслихатының 24.07.2020 № 871 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн откен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы Заңының 10-бабына, "Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 6 – бабының 15) тармақшасына сәйкес Осакаров аудандық мәслихат

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібі қосымша реттелсін.

2. Осакаров аудандық мәслихатының 2007 жылғы 16 шілдедегі "Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" № 279 шешімінің күші жойылды деп танылсын (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 8-15-71 болып тіркелген, 2007 жылғы 18 шілдедегі "Сельский труженик" № 29 (7045) газетінде жарияланған).

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрагасы*

*Аудандық мәслихаттың хатшысы*

*H. Кобжанов*

*K. Саккулаков*

Осакаров аудандық

мәслихаттының

2016 жылғы 19 ақпрандағы

№ 616 шешімімен бекітілді

**Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізудің қосымша тәртібі**

1. Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар, сондай – ақ оларға қатысушылардың сөз сөйлеуі өтініште көрсетілген мақсатқа сәйкес, белгіленген мерзімде және келісілген жерде өткізіледі.

2. Митингілер және жиналыстар өткізілетін орындар:

1) Осакаров кентінің мәдениет және демалыс саябағы, Литвиновская көшесі, 81/1;

2) Осакаров кентінің аудандық мәдени – сауықтыру орталығы алдындағы алан, Достық көшесі, 43;

3) Молодежный кентінің мәдени – сауықтыру орталығы алдындағы алан, Абай көшесі, 14.

3. Шерулер мен демонстрациялар мына маршрут бойынша өтеді:

1) Осакаровка кенті Интернациональная көшесінің қызылсызынан бастап Достық көшесіндегі аудандық мәдени-сауықтыру орталығына дейін;

2) Осакаровка кенті Колхозная көшесінің қызылсызынан бастап Мостовая көшесінің қызылсызына дейін Литвиновская көшесімен, Мостовая көшесінің қызылсызынан бастап Мостовая көшесіндегі аудандық мәдени –сауықтыру орталығына дейін;

3) Молодежный кентінің Мира көшесіндегі базардан бастап Абай көшесіндегі мәдени-сауықтыру орталығына дейін;

4) Молодежный кенті Ленин көшесінің қызылсызынан бастап Абай көшесінің қызылсызына дейін Аспандияров көшесімен, Абай көшесінің қызылсызынан бастап Абай көшесіндегі мәдени –сауықтыру орталығына дейін.

4. Жиналыстралы, митингілерді, шерулерді, пикеттерді, демонстрацияларды өткізу кезінде уәкілдер (ұйымдастырушылар), сондай – ақ басқа да қатысушылар қоғамдық тәртіпті сақтайды.

5. Шараларды ұйымдастырушылар мен оларға қатысушылардың:

1) көліктің және жаяу жүргіншілердің қозғалысына бөгет жасауына;

2) елді мекеннің инфрақұрылым объектілерінің үздіксіз жұмыс істеуіне кедергі келтіруіне;

3) ауданың жергілікті атқарушы органдардың рұқсатынсыз киіз үйлер, шатырлар, өзге де уақытша құрылыштар тұрғызыуна;

4) шараны өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуші мемлекеттік органдар өкілдерінің қызметіне кез келген нысанда араласуына;

5) жасыл желектерге, шағын сәулет нысандарына залал келтіруіне;

6) өзімен бірге сұық қаруды, атыс және өзге де қаруды, сондай – ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қарсы, азаматтарға және занды тұлғалардың меншігіне материалдық залал келтіру үшін пайдаланылуы мүмкін арнайы жасалған немесе бейімделген заттарды алып жүруіне;

7) егер жиналысты, митингіні, шеруді, пикет қоюды немесе демонстрацияны өткізудің мақсаты нәсілдік, ұлттық, әлеуметтік араздықты, діни төзімсіздікті, тектік астамшылықты қоздыру, Республиканың Конституациялық құрылышын күш қолданып құлату, аумақтық тұтастығына қол сұғу, сондай – ақ Қазақстан Республикасы Конституациясының, зандары мен өзге де нормативтік актілерінің басқа қағидаларын бұзу болса, немесе оларды өткізу қоғамдық тәртіп пен азаматтардың кауіпсіздігіне қатер төндіретін болса;

8) алкогольдік немесе наркологиялық масаю жағдайында қатысуға жол берілмейді.

6. Жиналыс, митинг, шеру, пикет немесе демонстрация өткізілетін жерлерде алкогольдік ішімдіктер ішуге, есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың үйлестіктерін, прокурорларды пайдалануға; қоғамдық тәртіпті бұзуға, қоғамға қарсы мінез – құлыққа және басқа құқық бұзушылыққа шақыратын транспоранттар, ұрандар, басқада материалдар пайдалануға (визуалды, аудио/видео), сондай – ақ, көпшілік алдындағы сөздерге жол берілмейді.

7. Пикеттер өтініште көрсетілген мақсаттарға сәйкес өткізілуі тиіс.

8. Пикет өткізу кезінде:

1) пикет өткізу объектісінің жанында тұруға, отыруға;

2) көрнекі үгіт құралдарын пайдалануға;

3) қысқа ұрандар айтуда, пикеттің тақырыбы бойынша ұрандар айтуда рұқсат етіледі.

9. Пикетті тұрпатын өзгерту/өзге тұрде жалғастыру үшін митинг/жиналыс/шеру жергілікті атқарушы органның белгіленген тәртіптегі рұқсатын алу қажет.

10. Бұқаралық шараларды темір жол, су және әуе көлігінің объектілерінде, сондай – ақ мемлекеттің қорғаныс қабілетін, кауіпсіздігін және халықтың тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдардың (қалалық қоғамдық көлік, сумен, электр қуатымен, жылумен және басқа энергия көздерімен жабдықтау) жанында, денсаулық сақтау мен білім беру мекемелерінің жанында өткізуге жол берілмейді

11. Егер: өтініш берілмеген болса, тыйым салу туралы шешім шығарылса, өткізу кезінде көзделген тәртіп бұзылған жағдайда, сондай – ақ азаматтарында өмірі мен денсаулығына қауіп төнетін, қоғамдық тәртіп бұзылатын жағдайда жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар ауданың жергілікті атқарушы орган өкілінің талап етуі бойынша тоқтатылуы тиіс.

12. Ауданың жергілікті атқарушы орган өкілінің талабын орындаудан бас тартылған жағдайда оның нұсқауы бойынша ішкі істер органдары тарапынан жиналысты, митингіні, шеруді, пикет қоюды және демонстрацияны тоқтату бойынша қажетті шаралар қабылданады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және  
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК